

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді *Дмитрий*

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :01.09 – 02.09.2022ж

Күнтәртібініңүлгісі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балаларды дене тазалығын тексеріп қабылдау. Көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.. Жағымды жағдай орнату.</i>	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Балалардың денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу</i>	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Картотека № 4 «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.	Картотека № 5 «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты. Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.
<i>коммуникативтік дағдыларды дамыту</i>		
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	ҮІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Көңілді шеңбер <i>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</i>	ҮІӘ өтілу барысына балалармен дайындық <i>Аспан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр Дид ойын: «Я, жоқ»</i> Шарты: Балаларға қарым-қатынасты ойын арқылы түсіндіру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қызығушылықты ояту Сөздік ойын: «Күн шуағы». <i>Педагог сандықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарады. Бір-бірлеріне күнді ұсынып, тілектер айтады (педагогтің көмегімен).</i> Ойын: «Біз саяхат жасаймыз». <i>Тамаша гой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз,</i>	Ғажайып сәт. Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі сандықпен келеді. Сандықта қима суреттер бар. – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бәрін ойын ойнауға шақырады. Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық». <i>Педагогпен бірге өткен «Біздің топ» тақырыпты қайталап, сандықтағы қима суреттерге сөйлем құрайды. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишадан алады, ойын</i>

<p>Бәрін, бәрін білеміз АҚТ технологиясымен жұмыс. «Балабақша бөлмелері». Слайд арқылы балабақша бөлмелеріне саяхаттау. -Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді. – Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды. – Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар? – Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады. – Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады. – Тіл ұстарту жаттығуы. Шарты: Айнанаы алып дыбыстық жаттығуды жасау. Айтылуы: Біздің балабақшада бірінші қабатта дәрігер бөлмесі, музыка залы, спорт залы және асүй бар. Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-бат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады. Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та музыка бөлмесі бар. -ең-ең-ең – балабақша кең. -ық-ық-ық – бөлмелер жарық. -нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды). Мәтін үлгісі. Біздің балабақша үлкен. Балабақша әдемі, таза. Балабақшада спорт залы, музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, Музыка залы бар. Спорт залы үлкен. – Сергіту сәті Біз балалар бағында, Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен. Өткіземіз өмірді</p> <p style="text-align: center;">Ғажайып сәт.</p> <p style="text-align: center;">Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Бәрін ойын ойнауға шақырады Ойын: «Кім тапқыр?». Өткен «Балабақша бөлмелері» тақырыпты қайталау, педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».</p> <p style="text-align: center;">Тамаша зой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз,</p>	<p>соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға сұрақтар қояды, балалар балабақша туралы шағын әңгіме құрайды. – Біздің балабақша қандай? – Біздің балабақша таза, жарық, әдемі, үлкен. – Біздің балабақшада қандай бөлмелер бар? Балабақшада спорт залы, музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар. Педагог: Біз балабақшада таңертең жаттығу жасаудан бастаймыз. – Біз балабақшада таңертең не істейміз? – Біз балабақшада таңертең жаттығу жасаймыз. Біз балабақшада тамақ ішеміз. – Біз балабақшада не істейміз? – Біз балабақшада тамақ ішеміз, ұйықтаймыз. – Біз балабақшада не істейміз? Біз балабақшада серуенге барамыз, би билейміз, аң айтамыз, демаламыз, сурет саламыз. Балалар педагогтің соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалған, сөйлем құрайды. Балабақша ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз). Кереуетте ... (ұйықтаймыз) Тақпақ жаттау. Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші әпкелер, Досы барлық баланың. Сергіту сәті. Біз кішкентай баламыз, Өсіп, өсіп толамыз. Күнге қарай созылып, Көкке қанат қағамыз. Жаңылтпаш жаттау. Топ бала, топ бала Ойнап жүр топтала.</p>
--	---

	<p style="text-align: center;">Бәрін, бәрін білеміз.</p> <p><i>Балалар топтарына саяхатқа шығады.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – <i>Бұл – сендердің топтарың. Мынау – топ бөлмесі. Топта не бар? (Балалар топтағы заттарды атайды).</i> – <i>Топта үстел бар.</i> – <i>Топта орындық бар.</i> <p><i>Мынау – ойын бұрышы. Мынау – ... («ойын бұрышы» сөзін жеке, хормен қайталайды)</i></p> <p><i>Ойын бұрышында не бар?</i></p> <p><i>Мынау не?</i></p> <p><i>Мынау – қуыршақ (өздері білетін ойыншықтарды атайды).</i></p> <p><i>Қуыршақ не?</i></p> <p><i>Қуыршақ – ойыншық.</i></p> <p><i>Мынау не?</i></p> <p><i>Мынау – піл.</i></p> <p><i>Піл не?</i></p> <p><i>Піл – ойыншық.</i></p> <p><i>Ойыншық қайда тұр?</i></p> <p><i>Ойыншық ойын бұрышында тұр.</i></p> <p><i>Мынау – ұйықтайтын бөлме.</i></p> <p><i>Мынау не?</i></p> <p><i>Мынау – кереует.</i></p> <p><i>Кереует қай бөлмеде?</i></p> <p><i>Кереует ұйықтайтын бөлмеде.</i></p> <p><i>Мынау – табиғат бұрышы.</i></p> <p><i>Мынау не?</i></p> <p><i>Мынау – табиғат бұрышы.</i></p> <p><i>Мынау – гүл.</i></p> <p><i>Гүл табиғат бұрышында тұр.</i></p> <p><i>Гүл қай бөлмеде тұр?</i></p> <p><i>Гүл табиғат бұрышында тұр.</i></p> <p><i>Балалар педагогтің соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.</i></p> <p style="text-align: center;">Ойын: «Біреу – көп».</p> <p><i>Педагог заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйретеді.</i></p> <p><i>ойыншық – ойыншықтар</i></p> <p><i>кереует – кереуеттер, гүл – гүлдер</i></p> <p><i>үстел – үстелдер, орындық – орындықтар</i></p> <p>Шығармашылық бұрыш. Кішкентай суретшілер</p> <p><i>Балаларды топқа бөлу.</i></p>	<p><i>Зымырап допты ала</i></p> <p><i>Қуады көп бала.</i></p> <p style="text-align: center;">Ой қозғау.</p> <p><i>Топта не бар?</i></p> <p><i>Топта ойын бұрышы бар.</i></p> <p><i>Топта табиғат бұрышы бар.</i></p> <p><i>Топта ұйықтайтын бөлме бар. т.б.</i></p> <p><i>Мынау не? Заттарды жекеше, көпше түрде ата.</i></p> <p><i>Мынау – орындық, мынау – орындықтар.</i></p> <p><i>Мынау – есік, мынау – есіктер.</i></p> <p><i>Мынау – терезе, мынау – терезелер.</i></p> <p><i>Мынау – кілем, мынау – кілемдер.</i></p> <p>Шығармашылық бұрыш.</p> <p>«Сиқырлы қаламмен» жұмыс:</p> <p><i>Өзіңнің сүйікті ойыншығыңның суретін сал.</i></p> <p><i>Шағын мәтін құра.</i></p> <p><i>Бірінші қатардан тұрған ойыншықтың бөлігін тауып, құрастыр.</i></p> <p><i>Екінші қатарда тұрған ойыншықтардың парын жапсыр</i></p> <p><i>Үшінші қатарда тұрған ойыншықтың сыңарын мүсінде.</i></p> <p><i>Доп.</i></p>
--	--	--

	<p>1-топ. Керееетті құрастыр</p> <p>2-топ: Қуыршақты жапсыр</p> <p>3-топ: Орындықты мүсінде</p> <p>4-топ: Гүлдің суретін сал</p>	
Серуенгедайындык	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.</p> <p>Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.</p> <p>Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>	<p>Жүйелі киініп серуенге шығу .</p> <p>Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»</p> <p>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>
Серуен	<p>Картотека №1Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.</p>	<p>Картотека №9</p> <p>Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балаларға аула сыпырушы еңбегі туралы айтып білімдерін кеңейту.</p>
Балалардыңүйгеқайтуы	<p>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.</p>	<p>Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.</p> <p>Балалардың сұранып үйге қайтуы</p>

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортанғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.09 – 09.09.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека № 18 <i>Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»</i> <i>Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі.</i>	Картотека № 21 <i>Дид ойын: «Балық аулау»</i> <i>Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.</i>	Картотека № 20 <i>Дид ойын: «Орын тап»</i> <i>Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.</i>	Картотека № 17 <i>Дид ойын: «Жеке атауын ата»</i> <i>Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата біледі.</i>	Картотека № 15 <i>Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»</i> <i>Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!</i>	<i>Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.</i>	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</i>	<i>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	Менің сүйікті бұрышым Суреттер қарау. <i>Балабақшаға қатысты суреттерді жинақтау.</i> <i>Сұрақ – жауап</i> «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?» <i>Балалармен әңгіме жүргізу.</i> Ф. Оңғарсынованың «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?»	Ойын бұрышына саяхат Тосын сәт. <i>Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан ойыншықтар туралы оның неден, қалай жасалатынын білгісі келетіні айтады.</i> Ойыншықтар арқылы топқа бөлу. 1-Топ Жұмсақ ойыншықтар 2-- топ Пластмасса	Психологиялық жаттығу. «Күлкі сыйла» <i>Мен сенің досыңмын, ал сен менің досымсың.</i> <i>Қолды мықтап ұстайық Күлкіден мейрім шашайық - Жарайсыңдар, Бір-бірімізге күлкі сыйладық.</i> Сұрақтар ілмегі. <i>-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?</i>	Көңілді шеңбер <i>Қуанамын менде, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге.</i> Балабақша ауласына саяхат. <i>Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу. Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.</i>	Қызығушылықтарын ояту. <i>Тосын сәт: Аудио дыбыс. Балалардан көмек сұрайды.</i> <i>Мен ойыншықтар сатып алғым келеді, ал маған сатушы тапсырма беріп тұр.</i> <i>Тапсырмаларды орындаса ойыншық дүкеніне</i>

<p>Өлеңді жаттау. Қызықпын-ау өзімде, Мақтанарым шамалы. Үйге келген кезімде, Кеткім келмей қалады жетелеуші сұрақтар қою арқылы өлең мазмұнын түсіндіреді. Топқа бөлу әдісі. Суреттер арқылы топқа бөлу. 1-топ Тәрбиешілер тобы 2-топ Дәрігерлер тобы. 3. АКТ мен жұмыс. Ал, балалар, енді слайдтағы суретке қараңдаршы. (жетелеуші сұрақтар) 1-топ Тәрбиешілер тобы сұрақ: -Балалар балабақша дегеніміз не? -Балабақшамыздың аты қалай аталады? -Балабақшада біз не істейміз? 2-топ Дәрігерлер тобына сұрақ: -балабақшада кімдер жұмыс жасайды? -Аспазшы апайдың қызметі қандай? - Дәрігер апайдың қызметі қандай? Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық Аяқ пенен қолдарды Біз жаттықтырып алайық Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір,</p>	<p>ойыншықтар 3- топ Резеңке ойыншықтар Топтық жұмыс. Ойыншықтарды сипаттау. Әр топ балалары өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді. 3- топқа тапсырма. Шығармашылық орталығында жұмыс жасау. 1-Топ Ермексаздан доп жасау. 2- топ Бояумен аю ойыншығын бояу. 3- топ Суреттегі жұмсақ ойыншықтарды қиып жапсыру. Балалардың жұмысын бақылау. Мадақтау. Сергіту сәті. Сағаттың тіліндей иіліп, солға бір, Сағаттың тіліндей иіліп, оңға бір. Оң аяқ, сол аяқ – жаттығу оңай-ақ. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр, Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық, Алақанды ұрайық. Айгүл қуыршақ балаларға рахмет айтып қоштасады. Мизга шабул Жұмбақ жасыру. 1. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? (БІдыс-аяқ)</p>	<p>-Ертеңгісін балабақшаға келгенде достарымызға не дейміз? Жарайсыңдар балалар. Балабақшада сендер не істейсіңдер? Балалардың жауаптарын тыңдау. Тосын сәт. Қызыл телпек келеді. Ойын: «Сиқырлы гүлдер» Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізем сол бала сұраққа жауап береді. -Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың? -Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды? -Сенің балабақшаң қалай аталады? -Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба? Балалар сұраққа қызыға жауап береді. Дидактикалық ойын: «Балабақша қызметкерлерін тауып айт» Шарты: Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін табуы керек Сергітусәті. Бір қадам әдісі . Балабақша есігін Үшке толып ашқанбыз Мәпелейді бақшамыз Бұл екінші үйіміз Бір туғанбыз бәріміз Біз осы үйдің гүліміз Біз осы үйдің сәніміз. Қорытынды. Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.</p>	<p>Ағаш   Бұта   Сұрақтар ілмегі -Балабақшамыздың ауласында не өседі? -Қандай гүлдер өседі екен? -Қандай ағаштар өседі екен? -Балабақша ауласы сендерге ұнай ма? Таза ауада сергіту сәті. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымыю, құштасу) Бірге күліп жүреміз Дид.ойын: «Жапырағынан таны»   Ой қозғау. Ағаштардың қандай пайдасы бар? Ағаштар бір-біріне несімен ұқсас? Ағаштың биіктігі, діңінің жуандығы, жапырақтарының түсі</p>	<p>кіргізетінін айтады. Дид ойын: «Сайқымазаққа көмек» 1-тапсырма. Дьенеш блоктары. Мына Дьенеш блоктарын қағаз бетіндегі геометриялық фигураларға орналастырындар. -мына қағазда қандай геометриялық фигурадан тұратын пішіндер бар, алдымен қарап, атап көрелік. -түстері қандай? -Қалың ба жұқа ма? Тапсырманы орындау 2-тапсырма Текшелермен жұмыс. – Бұл не? – Қандай түсті текше? – Қай текше үлкен? – Қай текше кіші? (Осыны айта отырып текшелерді бірінің үстіне бірін қояды.) Текшелерді салыстырады 3-тапсырма Дид ойын: «Ойыншықтар пішінге ұқсайды?» Тапсырмаларды суретке түсіріп жіберу. Аудио. Алақай рақмет балалар , мен ойыншық дүкеніне кірдім. Сергіту сәті Тік ұста бойыңды, Жоғары соз қолыңды. Соз қолыңды тағы да, Жеткіз жираф мойына. Қызығушылықты ояту. Аудио дыбыс: Балалар мен</p>
--	--	---	---	--

	<p>Енді бірге бәріміз Орнымызға отырамыз. Тосын сәт. Топқа қораша келу. Қорашаны ашу. Ішінен 4 түсті конверт шығады. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Қызыл түсті конвертті ашу. Тапсырма: Медбике заттарын құрастыр. Атын ата. 2-топ: Жасыл конверттегі суреттерді бояу. Дид ойын: «Аспазға не керек?» Аспаз заттарын боя 3-топ. Сары конверт Дид ойын: «Шаптаразға заттарын тауып бер» Шаптараз заттарын ретімен жапсыру. 4-топ: Көк конвертті ашу. Дид ойын: «Жүргізушіге көмектес» Машина мүсіндеу. Балалар жұмысын мадақтау.</p>	<p>2. Аяғы бар жүрмейді Ауызы бар күлмейді, Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ) 2. Суға салсаң батпайды, Ыршып жерге жатпайды. (Доп) Балалар, қуыршақ, доп, ыдыс-аяқ бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық). -Не үшін керек бұл заттар? Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттау. Ойыншықтар Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыңшақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Қуыршақтар ұйықтайды. Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы құлыңшақ. «Ұйықта» десең, ұқпайды.</p>	<p>«Бүлдіршінің арманы» әні АКТ дан бірге қарап қайталау. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау. Менің сүйікті бұрышым Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Балабақша макетін құрастыру 2-топ: Дайын спорт залдың суретіне дене шынықтыру заттарын жапсыру. 3- топ: Дайын үлгідегі суреттерден, ұнаған музыкалық аспаптарын бояу. 4- топ: Асхана заттарын мүсіндеу. Балабақша Абдрахман Асылбек Оянамыз таң нұрымен, Аттанамыз бақшаға. Қарсы алады ән-жырымен Бақшамызда жақсы ана. Сюжеттік рольдік ойындар бұрышы. Асхана, дәрігер, шаптараз Балаларды бақылау. Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру.</p>	<p>қанда? Ағаштар туралы қандай тиым сөздер білеміз? Тәжірибе 1 «Батады-батпайды» -Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, ағаш суда батады ма, батпайды ма? -Ендеше сендермен тәжірибе жасап көрейік Қолдарыңа тасты алыңдар суға салыңдар -Не байқадыңдар? (тас батып кетті) -Енді қолдарыңа ағаш кесегін алыңдар суға салыңдар Ағаш жайында не айтуға болады? Ол батты ма, батпады ма? (тәжірибе жасап, балалар шешім шығарады: ағаш жеңіл, су бетінде қалқып жүреді). -Ия балалар ағаш суда батпайды екен. Осы ағаштың қасиетін адамдар қайда пайдаланады? (Адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды) -Сендер қалай ойлайсыңдар Буратино суда батып кете ме? Балалардың жауабы: Тәжірибе 2: «Сынады, сынбайды» -Қолымызға шегені аламыз, оны сындырып көрейік (сынбайды) Демек, ол қандай? (қатты) -Ендеше сіріңкені алып, көрейік. Не айтуға</p>	<p>коробкамен ойыншықтар алдым, бірақ мен оны құрастыруды ештеңе білмеймін. Балалар Сайқымазаққа көмектесеміз бе? Ойыншығым құрастырғыш, Көрсетеді көмегін. Кімге көлік, кімге үй, Құрастырам керегін Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Машина ойыншығын құрастыру. 2-топ: Үй суретін салу 3-топ: Допты мүсіндеу 4-топ: Пирамида жапсыру. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін әр топқа түсіндіру Жасаған жұмысты суретке түсіріп жібереміз Шапалақ арқылы қортындылау. Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.</p>
--	--	--	---	---	--

				<p>болады? (Сіріңке – сынғыш келеді, демек ағашты сындыруға болады) Тәжірибеден шығаратын шешім: ағаш және ағаштан жасалған заттар сынады, демек оларға ұқыпты қарап, сындырмау керек (кетеміз)! Ағаш темірден иілгіштеу, өңдеуге тез келеді . Сондықтан адамдар ағаштан көп заттар жасауды ойлап тапқан. Ағаштан жонып, кесіп, аралап көп заттар жасауға болады. -Ағаштан қандай ойыншықтарды білесіңдер? (Балалардың жауабы) Тәжірибе 3 Қанекей судан ағаш кесегін алайық. Қараңдаршы не болған? Ол қарайып, ісініп кетіпті.</p> <p>Шешім: ағаш суды бойына сіңіреді, осыдан ол ісініп өз қасиетін жоғалтады. -Ағаштан жасалған заттар бұзылмау үшін не істейміз? (бояймыз) -Мінекей сондықтан ойын алаңындағы ойын құралдарын бояп, сырлаймыз. Балалар хормен Бақшамызда көп ағаш Өскен жақсы балалар Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш</p>	
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 10 Торғай мен Қарғаны бақылау	Картотека № 11 Күнді бақылау.	Картотека №14 ауа- райын бақылау	Картотека №12 Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.	Картотека №13 Аула маңындағы көліктерді бақылау.
	Серуен картотекасынан				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тексерілді 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.09 – 16.09.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру	<i>Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека № 1 Дид ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат» Мақсаты: табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады.	Картотека № 5 Дид ойын: «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.	Картотека №9 Дид ойын: «Бақша да ма, бау да ма?» Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады.	Картотека №10 Дид ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Картотека №11 Дид ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалар қоршаған орта жайлы түсіне біледі.
коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қыркүйек айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Бала, бала, балақай, Қол соғайық алақай, Бір, екі, үш деп атайық, Саусақтарды тартайық Жалқау бала болмайық,</i>	<i>Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!</i>	<i>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз</i>	<i>Жабырқауды білмейміз Жалқаулықты сүйемейміз Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан</i>
Білім беру ұйымының қестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Таңғажайып сәт. АҚТ технологиясы <i>Жалқаубек шығады, үсті басы кір-кір.</i> Сұрақ- жауап. Жалқаубектің не болған? - Көңілсіз -Үсті лас -Сумкасын көтере алмай сүйреп жүр. Қандай көмек береміз? Қызығушылықты ояту Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. <i>Ерте мен күнде сен, Қолыңа сүйкесең Кетіп кір ласың Тап – таза боласын Бұл не? сабын Шомылған баланы Аймалап алады. Суртеді қолыңды Суртеді бетіңді</i>	Қызығушылықты ояту Кубизм әдісі. <i>Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.</i> Дид ойын: «Кім екенін тап?» Шарты: Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. <i>Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр.</i> Шығармашылық орталығындағы жұмыс. Топқа бөлу. 1-топ Дид ойын: «Мен және менің жақындарым»	Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Мен қандаймын?» -Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер. -Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер. -Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер. -Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер. -Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ Микрофон әдісі <i>«Менің жағымды – жағымсыз жақтарым»</i> Тосын сәт: Салауат атай телефон шалу. <i>Құрметті балалар! Сендер</i>	Қызығушылықты ояту. Көңілді әуен бұрышы. Аспаптар альбомына шолу. <i>Музыка тыңдау. Жай, қатты музыканы ажырату.</i> Ән жетекшісімен ән үйрену: «Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев Тыныштық сәті: <i>Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.</i> Ой қозғау. <i>Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар.</i>	Менің сүйікті бұрышым. <i>Суреттер қарау.</i> Қызығушылықты ояту <i>Жерге домалап оралған қағаз түсіп кету. – Бес беттен тұратын үн қағазды көрсету. Әр беттің өз тілшісі бар.</i> -1 бетте <i>–бала көңілсіз, ол неге көңілсіз. Ол үшін сөз тілшіге беру.</i> 1-ші тілші. <i>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</i> Ауа туралы жұмбақ. <i>Бір нәрсе жер мен көктің арасында, Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да. (ауа) Ауа жөнінде кімнің тақпағы, кім қандай ауа</i>

<p>Бұл не? сүлгі Бұлар нелер екен? Тазалықтың досы</p> <p>Ой дамыту. Жалқаубекке керек заттар. Балаларды топқа бөлу. 1-топ «ТАЗАЛЫҚ» Дид ойын: «Жаңылма» Бұл бала қай бала? Қарашы үстіне, Бір кіршік түстіме көзіңе Тап-таза ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай Дейміз біз мадақтай</p> <p>Салыстыру -Анау бала, Бетін қара, Кір қожалақ, қап-қара Тырнағы өскен, Шашы көптен Алынбаспты –ау масқара Сұрақ –жауап Осындай бала болмас үшін не істеу керек? Дид ойын: «Тазалықтың достары» 2-топ. «ТАҒАМДАР» Ой дамыту. Суретпен жұмыс Пайдалы тағам түрлерімен таныстыру. Иллюстрациялық суреттер. Дид ойын «Жеміс-жидек теру және егу» 3.«ШЫНЫҒУ» Аудиомен. Ой қозғау. Дені сау болу үшін адамға не керек? Тазалық, дәрумендер, шынығу, мейрімділік керек. Жалқаубек біздің балалардың денсаулықты сақтау туралы ойлары ұнады ма? Жалқаубек мен үйге тез барам</p>	<p>Шарты: Өзіне ұнаған суретті ірікпен алып, отбасы тақырыбында коллаж құрастыру.</p> <p>2- топ Дид ойын: «Әдемі үйлер» Шарты: Дайын қиылған әр түрлі үйлерді жапсыру. «Ыстық орындық» Шарты: Мен отбасымды жақсы көремін» деп әр бала өз отбасы туралы айтады. «Санамақтар сыры» «Бір үйде біз нешеуіміз?» А.Сопыбеков Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармақ – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортан терек – ағам. Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Дид ойын:«Отбасыңды неге теңейсің?» Ойынның шарты:Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе, сол суретті көтеріп көрсетеміз.</p>   <p>Дид ойын: «Ретімен орналастыр» Шарты: Суреттен отбасы</p>	<p>күз мезгілінде салқыннан қалай сақтануды білесіңдер ма? Ұмытып қалмаңдар балалар, әр дайым шынығып тұрыңдар. Ол үшін жаттығу залына барыңдар, жемістер мен көкөністер жеп тұрыңдар. Ой балалар біз жаттығу залына баруды ұмытып кеткен сияқтымыз. Тезірек жаттығу залына барайық. Дене шынықтыру. Салауат атай бізге жемістер мен көкөніс жеңдер деді. Көкөніс туралы қандай ертегі білеміз? Шалқан Шалқан ертегісін қарау. Дид ойын: «Ретімен қойып шық.» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Шалқанның жапырағын бояу, атаның бас киімін бояу, әженің орамалын бояу, қыздың бантигін бояу, иттің құйрығын бояу, мысықтың денесін бояу, тышқанның құлағын бояу. Ертегі кейіпкерлерін ретімен қою 2-топ: Ертегі кейіпкерлерінің бөлігін тауып құрастырып, ретімен қою 3-топ: Шалқаннан кейінгі кейіпкерлерді ретімен жапсыру. Сюжеттік рольдік ойын: «Шалқан» Ертегіні сахналау.</p>	<p>Табиғат нешеге бөлінеді? Атау. Қызығушылықты ояту Табиғатқа саяхат 1-аялдама Су Сылдырапағып жатқан не ? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Су өлі Табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз Бізге пайдасы өте көп. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысы бар ма? Сергіту сәті.Музыкамен 2-аялдама Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ?АУА - Ауа не үшін керек? - Ауаның түсі қандай? - Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады Дид ойын: «Зерттеушілер» 1-тәжірбие: Әр баланың қолына айнал беріледі. Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткізеді</p>	<p>туралы пікір айтады? Ауа туралы тақпақ. Ой қозғау. -Ауа арқылы не болады? -Грипп -Ауаны не ластайды? -Машина түтіні т.б Ауа таза болса баланың көңілі шат көңілге бөленеді. Балалар бізге ауаның не үшін қажет екенін білгілерің келеме? Олай болса тәжірибе жасап көрейік. Терең дем алып, ауымыз бен мұрнымызды қолымызбен жауып, демді іште сақтайық. Қиналып кеткенде демдеріңді шығарыңдар, дем ала бастаңдар. Ауасыз қандай қиын екенін сездіңдер ме? Біз ауасыз өмір сүре аламызба? 2-ші бет микробтар Оларды тазарту үшін микробтар туралы тақпақ айту. Дид ойын: «Атап айт» Шарты: Микробтарға не жатады? Тақпақ: «Микробтар» 3-ші бетте тілші сөйлейді. - Кімнің ән тыңдағысы келеді, кімдер билегісі келеді? Балалар өз өнерлерін ортаға салады. 4-ші беттің тілші: Дид ойын: «Кім тапқыр?» Су туралы жұмбақ</p>
---	--	---	--	--

	<p>да тап-таза болып жуынам, спортпен айналысам кеттім. Рақмет айту. Түйін: Денсаулық ол күлуің, Денсаулық ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Бақытты өмір сүруің. Балаларды мадақтау.</p> <p>Тосын сәт. Есік қағылып Айгүл қуыршақ келеді.ан хат Амандасу. Балалар мен Дәрігердің жазған қағазын жоғалтып алдым, онда пайдалы дәрумендер туралы жазған еді, енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған пайдалы дәрумендер неде бар екенін айтыңдаршы? Сұрақтар ілмегі. Сонымен дәрумендерді қайдан аламыз? -Жемістер мен көкөністерден аламыз. - Айгүлге көмектесу үшін не істейміз? -Жоғалтып алған дәрумендерінің суретін салып берейік. Сергіту сәті. Алма баққа барайық, (орында тұрып ,жүру) Алма теріп алайық, (алма теру қимылын жасайды) Қол жетпесе алмаға (оң қолды көтеріп секіру) Секіріп қол созайық (Екі қолды көтеріп секіру) Балаларды топқа бөлу Жұмы с жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Трафаретпен жұмыс. Пед жет ойын: «Қандай</p>	<p>мүшелерін ретімен қоя білу.</p>		<p>2-тәжірбие: Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік. - ауасызтыныс алуға бола ма? Түйін: От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы.</p>	<p>жасыру. Жылт-жылт етеді, Жылгадан өтеді-ол не? (су) -Су қалай ластанады? Суды таза ұстау үшін не істеу керек? Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар. Су туралы мағлұмат айтып суды микробтан тазалаймыз. Суымыз тап- таза болды. 5-ші беттің тілші сөйлейді: Табиғат туралы қандай тақпақ, тыйым сөздер, пікір айтамыз. Балалар: Табиғат мейірімді ана сияқты, өзіндегі барды адамдарға жан-жануарға береді. Ал, мінекей, балалар біздің 5-ші шеңберіміз де микробтан тазаланды. Дид ойын: «Табиғат сәні» Табиғатқа көбелек, құстар, аңдар, жәндіктерді жапсырамыз. Енді мына баланы қарайық. Ол енді күле ме екен. Олай болса күліп тұрған баланы қарайық. Бәрі хормен: Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! Аспан Таза ауаң үшін рахмет! Бұлт, жаңбыр сепкенің</p>
--	--	------------------------------------	--	--	---

	<p>алма?» 1- топ. Қызыл лма 2- топ. Сары алама 3- топ. Жасыл алама Алмаларды суретке түсіру, суретті Айгүлге жіберу. Менің сүйікті бұрышым Суреттерді ретте Дид ойын: «Пайдалы және зиянды тағамдар» Шарты: Пайдалы тағамдарды себетке құрастырамыз, ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жапсырамыз.</p>				<p>үшін рахмет! Ағаш, көлеңкең үшін рахмет! Табиғат сұлулығың үшін рахмет!</p>
Серуенгедайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №11 Күнді бақылау.	Картотека №17 «Күз көрінісін бақылау»	Картотека №18 Күзгі жапырақтарды бақылау.	Картотека №19 Жаңбырды бақылау.	Картотека №20 Жәндіктерді бақылау.
Серуен картотекасынан					
Балалардың Үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.

Тексерілді 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 19.09 – 23.09.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,	Картотека № 1 Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балаларды әр түрлі мамандықпен танысады. Еңбекті құрметтеуді түсінеді.	Картотека №2 Дид ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасында-ғы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	Картотека № 3 Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.	Картотека № 7 Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-	Картотека № 6 Дид ойын: «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер				баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.	біледі.
коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қыркүйек айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Достар , бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!</i>	<i>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.</i>	<i>Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын</i>	<i>Достарым, кең тұрыңдар, Бақыт сонда ұғыңдар. Қол ұстасып , күліңдеп Шаттық шеңбер құрыңдар</i>	<i>Аманбысың , алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер</i>
Білім беру ұйымының негізгі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қызығушылықты ояту. Телефон шырылдау. Хабарлама келу. <i>-Ия балалар дәрігерден келген екен Тәрбиеші хабарламаны оқиды. Саламатсыздарма балалар! Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме? Біз сіздерді тексеруден өткізуге барамыз. Дид ойын: «Дене мүшелерді ата» Шарты: дене мүшелерін көрсетіп атау. (Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ) Қ.Мырза Әли</i> 1. -Екі көзің не үшін керек? 2. - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! -Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін!	Қызығушылықтарын ояту. <i>Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Мен сеңдерге хатты оқып берейін.</i> «Қымбатты балалар! Біз ертегі орманның тұрғындарымыз. Сіздерді қонаққа шақырамыз...» <i>Сендер қонаққа барғыларың келе ме? Ой дамыту.</i> <i>біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табу үшін, жұмбақтарды шешуіміз керек.</i> Миға шабул Дид ойын: «Кім тапқыр?» <i>Шарты: Жасырған жұмбақты жылдам шешу</i> <i>Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. (Мұз)</i> <i>Қылдай белі бүгілген, Өзінен де жүгі үлкен. (Құмырсқа)</i> Тосын сәт. Аудио дыбыс. Ой балалар бұл ненің даусы. <i>(Тышқан)</i>	Тосын сәт Тиін келеді. Көңілсіз. <i>Балалардан көмек сұрау. Маған аю көп тапсырма берді, өзім орындай алмай тұрмын, маған көмек керек. Егер мен орындамасам аю жеп қояды. Тиін сен уайымдама біздің балалар білімді , көмектеседі.</i> Тиінге көмек 1-тапсырма. Дид ойын: «Шарларды ажыратып бер» <i>Суретпен жұмыс: -Ненің суретін көріп тұрмыз?</i>  <i>-Қоянның қолында неше шар? -Мысықтың қолында неше шар бар? Қайсысының қолындағы шар көп? -Шардың түстері қандай?</i>	Қызығушылықты ояту. Ой қозғау. <i>Балалар бүгін бізге бір - бірінен айнамайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті. Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.</i> <i>- Ең үлкені Айжан - Ал одан кішісі Айман - Ең кішісі Айгүл</i> <i>Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық. Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?</i> Дид ойын: «Қуыршақты ата» Шарты: Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау. <i>Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім? Жарайсыңдар балалар! Қуыршақтарымыз бізге бос келмейті, тапсырмалар мен жолда келе жатып</i>	Ғажайып сәт: Аудио дыбыс. Машинаның дыбысы. Би-би-би <i>Балалар ненің даусы деп ойлайсыңдар? Машинаның. Ой қозғау</i> АҚТ технологиясымен жұмыс. <i>Мультфильм қарау. Ой балалар мына машина жүре алмай тұр екен, машинаға көмектесеміз бе?</i> Дид ойын: «Машинаға жол саламыз» Шарты: Геометриялық пішіндерден машинаға жол құрастыру. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. <i>Сөйлеуді ол білмейді. Бірақ тоқта жүр дейді. Бұл не екен балалар? -Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек? -Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?</i>

<p>- Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!</p> <p>3. Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.</p> <p>Дид ойын: «Адам денесін құрастыр» Шарты: суреттерді дұрыс құрастыра отырып, адам бейнесін шығару. Балаларды мадақтау. Шапалақ әдісі.</p> <p>Ой дамыту. Қызықты оқиға. Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен. Оны автопортрет деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен.</p> <p>Ой қозғау. Шығармашылық ортаға саяхат. Портреттерге назар аударайық. Онда кімнің суреті салынған? (Ананың). Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты? Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады? Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің жұмыстарыңды</p>	<p>Жаңбырдың дыбысы Бұл ненің дыбысы? (Жаңбыр) Ой балалар бұл ненің даусы? (Тоқты) Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар. Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі? -Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі. Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдыңдар. Жарайсындар !</p> <p>Ой қозғау. АҚТ технол жұмыс. «Кім күшті» ертегісін көрсете отырып, түсіндіру. Ал, енді көзімізді жұмып 1,2,3 дегенде сиқырлы таяқшамен ертегі еліне жетеміз. Ертегігелер еліне қош келдіңдер!</p> <p>Дид ойын: «Кім күшті?» ертегіні сахналау. Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды. Мадақтау. Көздерінді жұмып 1,2,3 дейін санандар Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық. -Сендерге ертегі ұнады ма? -Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады? -Кім өз ролін жақсы орындап шықты? балаларды мадақтау .</p> <p>Шығармашылық орталық Балаларды топқа бөлу.</p>	<p>-Шардың пішіндері қандай? 2- тапсырма . Мен бау-бақшаға барып, құлпынай теруім керек. Алдымда көшік жатыр зой, одан қалай өтемін? Аяғымды ластамай, батпаққа батпай, көшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек? Көпір керек Дид ойын. «Көпір саламыз» Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір құрастырып берейік. 3-тапсырма. Тақпақ айтып бер Сенген қайрат, күшіне Қоңыр аю-қорбаңбай, Жасыл тоғай ішінде Жүреді еркін қорғанбай. Бал араның қалайда Барлық балын өзі алып, Жидегі мол тоғайда Жүргізеді қожалық. Сергіту сәті: Бәріміз біргеміз. Оңға бір қадам, солға бір қадам Шапалақ ұрамыз. Алға бір қадам, артқа бір қадам Шапалақ ұрамыз. 4 - тапсырма. Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін айтып бер. 1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал! 3. Табиғатта өзін-өзі</p>	<p>алма теріпті. Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.</p> <p>Дид ойын : «Алма мен алмұртты салыстыр»</p>  <p>- Түстері бірдей ма? - Түстері қандай? - Жемістердің қайсысы көп, қайсысы аз?.</p> <p>2-Тапсырма Миға шабул. Логикалық тапсырма -Жол ұзын ба, қысқа ма? Қол ұзын ба, қысқы ма? -Қасық ұзын ба, қысқа ма? Асық ұзын ба, қысқа ма? -Алма үлкен бе, түйме үлкен бе? -Аю үлкен бе, қоян үлкен бе? -Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?</p> <p>Сергіту сәті: Алма, алма, көп алма Қызыл жасыл, сары алма. Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық. 3- тапсырма Алма, алмұрт туралы тақпақтар айтып беріңдер Апорт дейтін алма бар, Жер жаратын атағы. Ондай алма қайда бар, Алматы – оның Отаны. Алмұрт Уылжыған албырт, оның аты- алмұрт. Мен алмұртпын , алмұртпын,</p>	<p>-Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізіші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер. Суретпен жұмыс. Көліктер қайда жүр? Жолда қалай жүру керек? - Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз? -Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті? -Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді? -Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі. Автобустың суреті салынған белгіні көрсендер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен Енді машина жолмен жүру үшін, бағдаршамды жасап берейік Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Бағдаршам көздері» 1-топ: Шарты: Бағдаршам көздерін ретімен жапсыру. 2-топ: Шарты: Бағдаршам көздерін бояу. Дид ойын: «Сақ бол!» Шарты: Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру) Сары көзін жағады.</p>
--	--	---	--	--

	тамашалайтын боламыз. Құрлымдалған ойын: «Менің портретім!» Балалар жұмысын мадақтау.	1-топ: Трафареттен қойдың суретін мақта таяқшамен бояу. 2-топ: Тышқанда іннің қасына жапсыру 3-топ: Құмырсқаны мүсіндеу. 4-топ: Қиылған суреттерден мұзды құрастыру.	ұстай білу ережесі 2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма! Тиін құуанып тапсырмаларын алып, балалармен қоштасады. Дид ойын: «Табиғатты тазала» Балаларды топқа бөлу. 1-Топ: Суреттегі табиғатқа пайдалы заттарды жасыл корзинаға жапсыру. 2-топ. Суреттегі ағаштарды жасыл түспен бояу	аузындамын бар жұрттың. Дид ойын: «Сықырлы жолдар» Шарты. Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру. Балаларды мадақтау. Иллюстрациялық суреттер қарау.	(қол шапалақтау) Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру). Ой қозғау Сұрақ- жауап Үлкен жолда дөп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма? -Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма? Балалардың жауаптары. Балаларды мадақтау. Сюжеттік рольдік ойын: «Жүргізуші»
Серуенгедайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №13 Аула маңындағы көліктерді бақылау.	Картотека №14 Ауа- райын бақылау	Картотека №15 Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.	Картотека №16 Кемпірқосақты бақылау .	Картотека № 17 «Күз көрінісін бақылау»
Серуен картотекасынан					
Балалардың Үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Тексерілді 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 26.09 – 30.09.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i>Картотека № 18 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі.</i>	<i>Картотека № 21 Дид ойын: «Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды.</i>	<i>Картотека № 20 Дид ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі.</i>	<i>Картотека № 17 Дид ойын: «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап, түстерін, пішіндерін ажырата біледі.</i>	<i>Картотека № 15 Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!</i>	<i>Ашық менің жүрегім Блғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.</i>	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</i>	<i>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.</i>

<p>аталады?</p> <p>Конвертті қандай санмен іздейміз?</p> <p>«Қаздар болып ұшайық» Балалар сапқа тұрып, әуен бойынша залды айналып ұшады.</p> <p>№2 конверт Дид ойын: «Қоныс аударатын құстар»</p> <p>Конверттен қиынды суреттерді алып қоныс аударатын құстарды құрастыру.</p> <p>Неліктен бұл құстар қоныс аударатын деп аталады? Күзде олар жылы климатқа ұшып кетеді, ал көктемде олар оралады.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Кейбір құстар түнде, басқалары күндіз ұшып кетеді екен. Бірақ ұшу алдында олар сынақтық рейстерді жасайды, әдеттегіден көп тамақтанады, май жинайды - ұшу кезінде тамақ ішетін жер жоқ. Ұшу кезінде оларды жұлдыздар басқарады, ал егер аспанды бұлт басып, жұлдыздар көрінбесе, онда олар Жердің магниттік тербелістерін басқарады.</p> <p>«Құстар неге көңіл бөледі?» ойын жаттығуы.</p> <p>№3 конверт</p> <p>Көктемде құстардың атқаратын істері көп, Көктемде құстар не істейді? (Ұя салу, балапан</p>	<p>Шынықтырып денесін, Қанаттарын қағады.</p> <p>Дид ойын: «Көлеңкесін тап»</p> <p>Шарты: Сурет бойынша құстардың көлеңкесін тауып қоя білу.</p>    <p>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»</p> <p>№1 тәжірибе</p> <p>«Тауық жұмыртқасының сыртқы белгілерімен танысу»</p> <p>Балалар, жұмыртқаға қараңдаршы. - жұмыртқаның түсі қандай? -жұмыртқаның пішіні қандай? (сопақша). -жұмыртқа қатты ма, жұмсақ па? Енді біз жұмыртқаның сыртқы белгілерін білеміз.</p> <p>Шығармашылық бұрыш.</p> <p>Балаларды 2 - топқа бөлу.</p> <p>1-топ: Дайын трафареттен тауықты сары түске бояу.</p> <p>2-топ: Қиынды үлгілерден жұмыртқа құрастыру. Тәрбиеші. Балалар, сендер тауық жұмыртқасының</p>	<p>Қарғаның баласы: Карр! Карр! Карр! Мынау не шиқылдап жатқан. Даусың қандай жаман еді, ешкімде естімейді. Дауыс меніңкі сияқты болу керек, тыңдашы Карр! Карр! диді</p>  <p>Балапан: Шиқ! Шиқ! Мен ондай дауысты қайдан алам, оны саған кім үйретті? (Балалар айтылған сөздерді қайталау)</p> <p>Қарғаның баласы: Анам үйретті. Сол кезде қарға Карр! Карр! деп ұшып келіп баласын алып кетеді.</p> <p>Балапан: Шиқ! Шиқ! Ия даусың жуан болған қандай жақсы, барлығы естиді, ал мен ондай дауысты қайдан алам, қой іздейін дейді.</p> <p>Музыка әуеніне бақалар билейді.</p> <p>Балапан: Шиқ! Шиқ! Қайырлы таң</p> <p>Бақалар : Ква – ква Қайырлы таң</p>  <p>Балапан: Шиқ! Шиқ! Сендер мені өздерңнің дауыстарың сияқты жуан дауыс шығаруға көмектесіңдерші.</p> <p>Бақа: Ква – ква : Балақай сен</p>	<p>Үлкен форматтағы шалғынның суретіне қиылған балапандарды тауықты қасына жапсыру.</p> <p>Т. Волгинаның «Балапандар» әні.</p> <p>Ертіп сары балапандарын Айдарлы әсем шықты тауық,</p> <p>«Кетпеңдер ұзап, балапандарым», Қыт-қыт, - дейді ауық-ауық.</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>-Тауық балапандарына не деді?</p> <p>Бізде үлкендерден алыс кетіп қалуымызға болмайды екен. Тауықтың балаларға рақмет айтуы.</p> <p>Шығармашылық орта.</p> <p>Дид оын: «Балапанға дос тауып бер»</p> <p>Балапандарды мақта таяқшасымен бояу.</p> <p>Дид ойын:</p> <p>«Балапандарды тамақтандыр»</p> <p>Ермексازдан сопақша пішінде дән жасау</p> <p>Тауықтың балапаны Ертай Ашықбаев</p> <p>Бұл балапан қандай мықты, Жұмыртқаны жарып шықты.</p> <p>Шыға салып ерінбеді, Жемін өзі теріп жеді. Қондырып ап алақанға, Жем беремін балапанға</p>	<p>сізге, ертекіі әжсей.</p> <p>Сауболыңыз!</p> <p>- Сауболыңдар балалар!</p> <p>- Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек. (Сиқырлы әуен ойналады)</p> <p>- Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік.</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>- Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік?</p> <p>- Ол жақта кім бар екен?</p> <p>- Иә. Ертекіі әжсей бізге қандай ертегі айтып берді?</p> <p>- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен?</p> <p>- Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.</p> <p>- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады.</p> <p>Түсініктеме бөлімі</p> <p>- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы.</p> <p>- Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.</p> <p>- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары.</p> <p>- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады.</p> <p>Дид ойын: «Әтеш пен тауық»</p>
--	---	---	--	--

<p>өсіру, балапандарды азықтандыру.) Иә, құстар балапандарға қамқорлық жасайды. Балалар, қалай ойлайсыңдар, неге құстарды адамның досы деп атайды? (Құстар адамға пайдалы) Олар табиғатқа қандай пайда әкеледі? (Құстар өсімдіктерді зиянды жәндіктерден қорғайды) Балалар фонограммамен әуенге залды айналып ұшад. Біз 4 ші конвертке ұшамыз. №4 конверт Дид ойын: «Төртіншісі артық» АҚТ технологиясы. Слайдта әр түрлі құстардың суреттері көрсетіледі, ал балалар қосымша затты таңдап, өз таңдауын ауызша негіздейді. Көгершін, қарлығаш, жұлдызқұрт, көкек. Қайсысы артық? - көгершін, өйткені ол қыстап қалатын құс. -Жұлдызша, қарға, ләйлек, тырна. -қаршыға, қарақұйрық, тоқылдақ, бұлбұл. Шығармашылық жұмыс. Осы құстардың ішінен қыстап қалатын құстарды трафарет арқылы бояу. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап.</p>	<p>қандай болатынын білдіңдер ме, бірақ жұмыртқаның ішіне қарағыларың келе ме? Тәжірибе №2 «Шикі жұмыртқаның құрамы» Тәрбиеші. Балалар жұмыртқаны ақырын алып, жарып ыдысқа құяды. Балалар, қараңдар, ортасында не бар? Қандай сарысы? (сары, дөңгелек). Сарысының айналасында не бар? Қандай ақуыз? (сұйық, мөлдір). Байқап көрейік, сарысын қасықпен тесіңіз. Не болды? жарылды, төгілді. Сонымен, шикі жұмыртқаның сарысы жұқа пленкадағы сұйықтық болып табылады. Балалар, жұмыртқаның қабығына қараңдаршы. Ол қандай? Оны сындырып көрейік. Тәрбиеші: Балалар, біз тауық жұмыртқасымен таныстық. Бізге аздап демалу керек. Мен сендерге кішкентай тауықтарға айнауды ұсынамын, ал мен тауық боламын. Сергіту сәті (денешын) «Менің балапандарым» (музыкалық сүйемелдеумен) Дид ойын: «Тауық балапандарын іздейді»</p>	<p>асықпа өз дауысыңды табуың керек. Бақалар секіріп кетеді. (Балалар айтылған сөздерді қайталау) Балапан: Шикі! Шикі! Енді жуан даусыты қайдан табамын. Музыка әуенімен мысық балаларымен ойнап жатады. Балапан: Шикі! Шикі! Кешіріңіздер менің дауысымды жуан етуге көмектесіңіздерші. Мысық: Мяу! Мяу! Саған осы дауыс қалай, менің балаларым мені жақсы естиді, кәне айта ғой, қайтала! (Балалар айтылған сөздерді қайталау)</p>  <p>Балапан: Шикі! Шикі! Жоқ болмайды маған бұл дауыс ұнамайды. Мысық: Олай болса сен анау итке бар. Балапан: Шикі! Шикі! Сәлеметсіз бе! Ит: P- P- P! Сәлеметсіңбе, не болды? Балапан: Шикі! Шикі! Менің даусымды жуан еткім келеді, сіз сияқты қатты сөйлесем деймін, үйретіңізші мені.</p>	<p>Саяхаттан қайту Қортынды Сұрақ-жауап Қайда бардық, неге көмектестік</p>	<p>Шарты: Әтешпен тауықты құрастыру. Әтешті ағаштың үстіне құрастыру. - Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады. Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді. Дид ойын: «Құстарды тамақтандырамыз» Ермексиздан дәндер жасау - Енді балалар осы үй құстарын көрдік, енді олардың сендер сияқты кішкентай балапандары болады, солармен танысайық. - Тауық - балапан, Қаз- мамыр, Үйрек- шүрегей деп аталады. - Балалар үй құстарының дыбысын салу арқылы тілімізге жааттығу жасайықшы. - Тауық қалай дыбыстайды? - Үйрек қалай</p>
---	---	--	---	---

<p>(тоқылдыақ) Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға) Бірақ сөз біледі, Өз аты онысы. Соны айтып жүреді. Және жоқ қонысы. (Көкек) Дене шынықтыру минуты Көңілді әуенмен «Кра, кра, кра» Балалар, енді келесі тапсырманы іздейік. Ой, қандай шалшықтар, аяғымыз суланбауы үшін шалшықтарды кесіп өту үшін аяғымызды жоғары көтереміз. Конверт нөмірі №5. «Құстарды қорғау ережелері» Құстардың сиқырын кетіретін кез келді. құстарды қорғау ережелерін айтып берейік. Балалар құстар суреттерінен сөз тіркестерін айтады. Сіз жәндіктерді жоя алмайсыз, өйткені құстар жәндіктермен қоректенеді. Сіз ұяларды бұза алмайсыз, өйткені құстар оларда балапандарын шығарады. Құстарды атпаңыз, өйткені сіз оларға зиян келтіре аласыз.</p>	<p>Балаларды 2-топқа бөлу. 1-топ: Салынған тауық суретінің қасына балапандарды жапсыру. 2-топ: Балапандарға ермексаздан жем жасау. Шұбар тауық Ұлықбек Есдәулетов Шұбар тауық мүлдем, Жолатпайды барса. Ұясында жүрген Балапаны қанша? Балапанын тауық Қызғанады жаман. Қанатымен жауып, Санатпайды маған. Қорытынды –Бүгінгі ұіз не жайлы сөз болды? –Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз? –Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді? Балаларды мадақтау.</p>	<p>Ит: Жарайды үйретейін, мен сйяқты үйді үйді қорғап тұрасың Гав – гав- гав, ал енді сен айт .  Балапан: Шиқ! Шиқ! Кешіріңіз болмайды екен! Алдынан қаз шығады. Қаз: Га- га га! Мынау недеген сұмдық кішкентай балалар анасыз қыдырып жүрген Ш- Ш- Ш-Ш! Қайда жүр кәне!  Балапан барып ағаштың түбіне тығылады, қаз қаңқылдап кетеді. Балапан ағаштың түбінде қорқып отырғанда жылаған лақтың дауысы естіледі, Балапан: Шиқ! Шиқ! Сен неге жылайсың! Лақ: Мә- мә ! Мен анамнан адасып қалдым, таба алмай жүрмін, қорқып тұрмын. Балапан: Шиқ! Шиқ! Сенің дауысың жуан гой сені анаң тауып алады жылама. Лақ: Мә - мә! Ал сенің анаң қайда? Балапан: Шиқ! Шиқ! Менде ешкім жоқ!</p>	<p>дыбыстайды екен? - Қаз қалай дыбыстайды? - Әтеш қалай дыбыстайды? - Балалар, үй құстарына байланысты тақпақ білеміз бе? Тауық туралы. Ақ тауық-ау, ақ тауық, Ақ тауық неткен қақсауық, Аяп жүрсем тауықты. Бір жұмыртқа тауыпты. - Жарайсыңдар! Енді үйрек туралы тақпақ айтайықшы. Үйрек айтты га-га-га, Шыға алмаймын жағаға. Су издесең мұнда кел, Самал жел бар мұнда да. - Енді қаз туралы тақпағымызды айтайық. Қазым, қазым, қаңқылда, Көлде жүзіп салқында, Жем шашайын жейсің бе? Кәмпит берші дейсің бе? Жоқ, жоқ, жоқ Кәмпит тәтті, болмайды ас. Арпа менен бидай шаш. - Өте тамаша! Балалар бағанадан бері ертегі тыңдап, үй құстарымен және олардың балапан- дарымен таныстық, үй құстарына байланысты тақпақ айтып шаршаған боларсыңдар. Қәне, бәріміз ұйықтап демалып алсақ қалай қарайсыңдар? (Балалар ұйқыға кеткенде, топқа "Ку-ка- ри-кукук" - деп әтеш</p>
--	--	---	--



-Ура! Біз жетістікке жеттік! Сіз барлық сынақтардан өттіңіз. Сиқыршының зұлымдық сиқырын жойды. Құстар ұшатын болды. Құстардың дауысы аудио. Құстар әбден шаршап, қарны ашқан секілді. Оларға жем берейік.

Ермексиздан құстарға жем жасау. Жемсауытқа салу.

Кар-Карр! Рақмеет балалар! Сау болыңдар

Рефлексия

- Бүгін зұлым сиқыршыдан нені құтқардық?

Біз қоныс аударатын құстар туралы және қыстап қалатын құстар туралы не білдік?

- Тапсырмалардың қайсысы сізге қызықты болды?



Лақ: Мә - мә! Жоқ барлығымыздың да анамыз бар, сенің де анаң іздеп жүрген шығар жүр бірге іздейік. Ағаш түбінен тауық пен ешкі шығады.

Ешкі баласын алып кетеді

Тауық: Сен қайда болдың?

Балапан: Шық! Шық! Маған қарға дауысың жаман деген соң мен өзіме жуан

дауыс іздедім, кешір мама!

Тауық: Ақымақ балапаным ау, мен бір сәтке кетіп сені жоғалтып алдым ғой.



Сен мені тыңда және есте сақта. Сенің дауысыңның жуан жіңішке болуында ешқандай мән жоқ, ең маңыздысы сен өзіңнің даусың бар диді.

Балапан: Шық! Шық!

Түсіндім бұл менің даусым Сұрақ – жауап

Балапанға не көмектесті?

Дид ойын: «Балапан мен лақ»

Балаларды топқа бөлу
1-топ: Дайын балапанның

кіреді.)
- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Балалар мені таныдыңдар ма?
- Жарайсыңдар! Мен сендерге бүгін қонаққа келдім. Әдемі болып кетіпсіңдер!
- Балалар сендердің түрлеріңе қарасам қатты шаршаған сияқтысыңдар. **Қәне бәріміз орнымыздан тұрып, сергіту жасаттығын жасап алайық.**
- Мен қазір жем іздеймін, көп жем тапсам сендерді дауыстап шақырамын. Сол кезде барлығың келіп, жемді теріп алыңдар.
Дид ойын: «Дән жинаймыз»
- Жарайсыңдар! Сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Олай болса мен сендерге ойын әкелген болатынмын.
Ойынымның шарты: Мына тақтаға қараңдаршы, бұлар бағана "Екі әтеш" ертегісіндегі әтештер ғой. Екеуі жұлысып үстіндегі мамықтары түсіп қалыпты. Соны екі топқа бөлініп мамықтарын жабыстырайық.
Дид ойын: «Әтешті әсемдейміз»
Балаларды топқа бөлу.
- Жарайсыңдар, өте тамаша, біреуі шұбар,

			суретін бояйды. 2-топ: Қиынды суреттерден лақ құрастырады, 3-топ: Балапанмен лаққа ермексаздан жем жасап беру. Қортынды Ертегі ұнады ма? Қандай кейіпкерлер бар? (келесі үйі ертегіні сахналауға дайындау)		біреуі ақ әтеш болды. Үстіндегі мамықтарын сипап көріңдерші. Менің мамықтарым сияқты жұмсақ, үлпілдек болды. Енді екі әтеш тату болатын болды. - Әтеш біздің де саған арналған тақпағымыз бар. Қәне балалар бәріміз орнымыздан тұрып, "Әдемі әтеш" деген тақпағымызды айтып берейікші: Әдемі әтеш, Таң атпай тұрыпты, Ойқастап жүріпті, Жан-жаққа қарапты, Айдарын тарапты. Рақмет сендерге балалар! Сауболыңдар!
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека №1 Күзгі жаңбырды бақылау.	Картотека №5 Ұшып жүрген құстарды бақылау.	Картотека №9 Аула сыпырушының еңбегін бақылау.	Картотека №11 Күнді бақылау.	Картотека №13 Аула маңындағы көліктерді бақылау.
	Серуен картотекасынан				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Тексерілді 


Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 28.11 – 02.12.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i>Картотека № 3 Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.</i>	<i>Картотека № 5 Дид ойын: «Телефон» Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.</i>	<i>Картотека №10 Дид ойын: Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту</i>	<i>Картотека № 7 Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.</i>	<i>Картотека № 6 Дид ойын: «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта біледі.</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Қараша айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз, Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан.</i>	<i>Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір үйдің баласындай.</i>	<i>Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң» деймін мен</i>	<i>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге.</i>	<i>«Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық.</i>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	<i>Қызығушылықтарын ояту. Таңажайып сәт: Есік қағылып, Сайқымазақ келеді. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер</i>	<i>Менің сүйікті бұрышым Қызығушылықтарын арттыру: Дид ойын: «Кім тапқыр?» Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң, сәні бұзылады. (Гүл) Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»</i>	<i>Таңажайып сәт: Маша келеді. (АҚТ технол) - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Ой Маша. Қош келдің! Саламатсың ба? Қолыңдағы не? Маша: Менің қолымдағы – бөлме өсімдігі. Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қанша</i>	<i>Қызығушылықты ояту. Балалар бүгін мен сендердің бәріңді кішкентай ғалымдар еткім келеді. Сендерге ғалым болып, жұмыс жасаған ұнай ма? Ендеше бәріміз мына сиқырлы таяқшаның көмегімен ғалым боламыз. Мынау біздің</i>	<i>Менің сүйікті бұрышым Ертегілер әлемі Ғажайып сәт. Аудио: «Ертегілер» әні қайырмасын қосу. Балалар өлеңде не туралы айтып жатыр? Сендерге ертегі</i>

<p>маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?</p> <p>Менің сүйікті бұрышым. Ой дамыту Суреттермен жұмыс. Гүлдер екіге бөлінеді. Дала гүлдері, бөлме гүлдері. - Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Дала гүлдері көктемде шығып, жаздай құлпырып тұрады, күз болып, күн суыта бастағанда олар құрап қалады. Сонымен қатар емдік гүлдер де болады. Оны үлкен топқа барғанда толық білетін боласыңдар. Дид ойын: «Гүлдерді өсір» Шарты: Қиылған суреттерді реті бойынша тамырдан бастап құрастыру. «Қармақ» Шарты: Сұрақтар ілмегі арқылы жауап беру. Гүлдердің құрлысы: тамыры, сабағы, жапырағы</p> <p>Дид ойын: «Гүлдер әлемі» Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу. 1-топ: Дала гүлін салу. Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы трафаретпен</p>	<p>Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.</p> <p>Миға шабуыл Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма? - Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар? - Гүлдердің түсі қандай? - Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?</p> <p>Ой қозғау Балаларды топқа бөлу. 1-топ Дид ойын: «Сиқырлы себет» Шарты: Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.</p>  <p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен болып өседі. 2-топқа тапсырма. Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»</p>	<p>өсірсем де өспейді. Қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?</p> <p>Тәрбиеші: Маша сен ренжіме, сенің қолыңдағы гүл жасанды гүл, сол себепті ол гүл өспей тұр. Ал, біздің балаларымыз сізге табиғи гүлдің қалай өсетінін көрсетеді.</p> <p>- Балалар біз Машаға гүлді қалай отырғызып, баптауға болатынын көрсетеміз бе? - Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Гүлдердің де жанды табиғат, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің құрылысын қарайықшы: тамыры, сабағы, жапырағы, күлтешелері болады. Дид ойын: «Гүл отырғызамын» Тәжірибелік жұмыс. - Балалар, біз тәжірибе жүзінде Машаға гүлді қалай отырғызу, қалай күтіп баптау керектігін көрсетейікші. Алдымен бәріміз алжапқыш тағып алайық бағбан, галым боламыз.</p>	<p>зертханамыз. Тәжірибе №1 Ой қозғау. Қазір қандай мезгіл? Неліктен гүлдер күзде солып қалады?</p> <p>Мақсаты: өсімдіктің өсуінің температураға, ылғал мөлшеріне тәуелділігін анықтау. Құрал-жабдықтар: өсімдіктері бар кастрюль; өсімдік сабағының диаметріне сәйкес ұзындығы 3 см резеңке түтікке салынған шыны түтік; мөлдір контейнер. Тәжірибе барысы: Суарар алдында судың температурасын өлшеп (су жылы), сабағынан қалған діңгекке су құйып, оған алдымен шыны түтік салып резеңке түтік кигізіп, бекітеді. Шыны түтіктен су ағып жатқанын бақылаңыз. Суды қармен салқындатыңыз, температураны өлшеңіз (ол суық болды), оны құйыңыз - түтікке су кірмейді. Қорытынды: Күзде тамырлар суық суды сіңірмейтіндіктен, су көп болғанымен гүлдер құрап қалады.</p> <p>Тәжірибе №2. Өсімдікте не болады? Мақсаты: жапырақтан су буланған кезде өсімдікке не болатынын анықтау.</p>	<p>тыңдаған ұнай ма? Ендеше «Ғажайып гүл»ертегісін тамашалыық. АҚТ технологиясымен Баяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әр-түрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай» - деп қуанады. Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға</p>
--	---	--	---	---

раушан гүлінің суретін салу.

2-топ: Бөлме гүлі.

Геран гүлін берілген гүл отырғышқа қиып жапсыру.

Тәжірибе №1.

«Сумен және сусыз»

Міндеті: өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету.

Құрал-жабдықтар: екі бірдей өсімдік (бальзам), су.



Тәжірибе барысы:

Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау (өсімдік құрап қалады, жапырақтары құрайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)?

Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығару.

Қорытындылаймыз

Иә, өсімдіктер сусыз өмір сүре алмайды.

Сайқымазақ не деген керемет балар рақмет сендерге, мен үйіме барып, гүлдерімді өсіремін Су



Суретке өз ойын айту.

Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.

шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды. Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.

Гүлдің жанында жүзгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.

3-топқа тапсырма

Дид ойын: «Гүлді ретімен құрастыр»

Шарты: Фетр материалдан жасалған гүл құрлысын ретімен кнопқа арқылы құрастыру

Тәжірибе алаңы

Кішкентай ғалымдар.

«Гүл қайда жақсы өседі?»

Міндеті: өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.

Құрал-жабдықтар: екі бірдей кесінді, су құйылған ыдыс, топырақ, өсімдік күтіміне арналған заттар.

Тәжірибе барысы:

Топырақсыз өсімдіктер ұзақ өмір сүре алатынын анықтаңыз? (мүмкін емес); олар қай жерде жақсы өседі

- Алдымен, гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры бар өскінді сол топыраққа отырғызамыз. Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін, топырағын қопсытамыз. Тәрбиеші Машамен бірге гүлге су құйып, топырағын қопсытып көрсетеді. Маша Рахмет балалар! Тәрбиеші: - Жарайсыңдар! – Енді отырғызған гүлімізді терезе алдына қоямыз. Гүлдер күннің көзін жақсы көреді. Машаға сыйлық ретінде гүл жасап берейік.

Дид ойын: «Гүл сыйлаймыз»

Балаларды топқа бөлу

1-топ: Үлкен құмыра құрастыру.

2-топ: Гүлдерді бояу.

3-топ: Құмыраға гүлдер жапсыру.

4-топ: Гүл қоятын стол мүсіндеу.

Бәрі бірге тақпақ айту

Гүл өсірдім бөлмеме

Болат Үсенбаев

Көркі болған үйімнің, Гүлді көрсем сүйіндім.

Қызыл, аппақ гүлдерім Күнменен мың құбылдың.

Құрал-жабдықтар: суға малынған губка.

Тәжірибе: Қане бәріміз секірейік. Секіргенде не сезінесіз? (ыстық); ыстық болған кезде не болады? (тер шығады, содан кейін ол жоғалады, буланады). Қолымызды су буланып кететін жапырақ деп елестетейік. Губканы суға салып, білекте ұстау. Қандай сезімдер болып жатыр? (суық сезіну). Жапырақтардан су буланғанда не болады? (олар мұздайды)

Не өзгерді?

Мақсаты: Жапырақтан су буланғанда олардың мұздайтынын дәлелдеу.

Тәжірибе қортындысы.

Термометрді алып, дымқыл шүберекпен орап, жылы жерге қою. 5-10 минуттан кейін температураның неге төмендегенін тексеру? Матадан су буланған кезде салқындау пайда болады. Салқын болғанда өсімдіктің өсуі бәсеңдейді.

Ой қозғау.

- Гүлдердің ұзақ уақыт ауырмай, жайқалып тұруы үшін не істеу керек?

- Күтіп - баптау керек.

Гүлдерді жұлмау керек.

Гүлдерді баспау керек.

Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. Олардың көптеген түрлері болады.

бастапты.

Ой қозғау.

Сұрақтар ілмегі Ертегі ұнады ма? Гүлдің достары қалай көбейді? Оған нелер көмектесті? Бұл, күн қай да мекендейді? Гүл қайда өмір сүреді? Жоғары-төмен ұғымы. Гүлдердің түстері қандай болады? Күннің түсі қандай?



Күннің пішіні қандай? Бұлттың түсі қандай? **Ендеше бізде гүлге достар жасап береміз бе?**


Шығармашылық бұрыш

1-топ:

Гүлдерді құрастыру
Қатар-қатар тұрамын құрастыруға

болыңдар.

Дид ойын: «Гүлге су құямыз»



Шарты: Гүлдерге су құятын БІдысты мүсіндеу.

Тақпақ

Гүлім, гүлім, өсе бер,
Әдемі боп, асыл боп.

Күндей жайнап кете бер,
Қызыл, сары, жасыл боп.

Қорытынды.

-Балалар, бүгін бізге кім келді?

-Біз оған не өсіруге көмектестік?

-Бөлме гүлдеріні не үшін қажет деп ойлайсыңдар?

Балаларды бағалау, мақтау, мадақтау.

- суда немесе топырақта?

Герань шламын әртүрлі контейнерлерге салыңыз – суға және топыраққа.


Бірінші жаңа жапырақ пайда болғаниша оларды бақылау;

Қорытынды: топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.


Дид ойын: «Гүлді алқап»

Балаларды топқа бөлу.

1-топ: Берілген гүлді гуашь арқылы бояу



2-топ: Берілген гүлді түрлі – түсті ермексаз жағу арқылы әсемдеу



3-топ: Себетке гүлдер жапсыру.



Тақпақ

Маша балаларға рақмет айтып қоштасады.

Тәжірибе №2

ӨСІМДІКТЕРГЕ ҚОРҒАНУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?

Міндеті: Өсімдіктердің қоректенуі үшін жарықтың қажеттілігін анықтау
Материал: Қатты жапырақтары бар бөлме өсімдіктері (фикус, крассула) гипс.

Жұмыс барысы:

Балалардың болжамдары тәжірибе арқылы тексеріледі: жапырақтың бір бөлігі гипспен жабылады, өсімдік бір апта бойы жарық көзіне қойылады.

Бір аптадан кейін балалар қорытынды жасайды:

жарықсыз өсімдіктерде тамақтану қалыптаспайды.

Өйткені гипстелген жапырақта өсу тоқтатылған.

Түстері де әр түрлі болады.

Гүлдер біздің досымыз.

Сұрақ –жауап.

Сендерге ғалым болған ұнады ма?

Нені зерттедік?

Балаларды мадақтау.

барамын,

2-топ: Гүлдерді жапсыру

Адымдап жүрем нық басып,

Жапсырайық гүлдерді топтасып

3-топ: Графарет арқылы гүлдің суретін салу

Секіріп келем қуана, **сурет салам қаншама**

4-топ: Үлгі бойынша гүлді мүсіндеу

Оңға-солға қарайын

Ермексазды алайын

Мүсін жасап гүлдердің Себетіме салайын.

Балаларды мадақтау.

		<p>Қызыл жасыл гүл егіп, Баптап, күттік, түрлеттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады.</p> <p>Сылдырмақ. Балаларды шеңберге шақыру. Сұрақ – жауап Рефлексия Балаларды мадақтау. Смайлктер беру</p>			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 10 Торғай мен Қарғаны бақылау	Картотека № 11 Күнді бақылау.	Картотека №14 ауа- райын бақылау	Картотека №12 Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.	Картотека №13 Аула маңындағы көліктерді бақылау.
Серуен картотекасынан					
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Кеңес: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортанғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.12 – 09.12.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i>Картотека № 18 Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретін түсінеді</i>	<i>Картотека № 19 Дид ойын: «Қысқы тіршілік» Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата біледі.</i>	<i>Картотека № 20 Дид ойын: «Орнын тап» Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап суреттен таба алады.</i>	<i>Картотека № 21 Дид ойын: «Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бере біледі.</i>	<i>Картотека № 16 Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз» Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі.</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	<i>Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Ашық менің жүрегім Блги күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Асапан ашық ,көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.</i>	<i>Табиғат егіз адаммен Ұқсастық табам содан мен Мәңгілік болсын егіздер Жер- ана, көл теңіздер.</i>	<i>Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.</i>	<i>«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p>Тосын сәт. Хатшы хат пен қорапша әкеледі. Хатты оқу. Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық. Менің сүйікті бұрышым Суреттер сөйлейді. Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік. 1-топ. Аққала тобы 2- топ Ақшақар тобы. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Суретке қарап қыс мезгілі туралы әңгіме құраңдар? 2- топ Ақшақар тобына тапсырма. Қысқы еңбек туралы суретке әңгіме құраңдар Балаларды мадақтау. 2- тапсырма. Миға шабул. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Қай топ бірінші жұмбақты шешеді? 1. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (қар) 2. Тісі жоқ, тістеп алады. Қолы жоқ, сурет салады. (аяз) 3. Мені қардан жасапты, Ойланып көр Қолым-таяқ, Мұрным-сәбіз, Көзім-көмір. (аққала) 4. Қырға сүйреп шығам, Ойғы мініп түсем. (шана)</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Балалар ертегі тыңдаған ұнай ма сендерге? Қазір қандай мезгіл? Ендеше ертегілер бұрышына барып «Аяз ата» атты ертегі тыңдаймыз. Ертеде орманның шетінде Аяз ата Жаңа жылды қарсы алуға дайындалып жатыр екен. Оның қолындағының бәрі мерекеге және сәнді шыришаларға, балаларға арналған сыйлықтарға және аязды ауа-райына дайын болу керек. Сол кезде орман шетінде де, қалада да қар болмаған. Ал қарсыз шаңғы, шана тебе алмайды. Содан кейін Аяз ата өзінің көмекшілерін орман шеті мен қаланы жабу үшін күміс ұшқындарды шақырды. Бірақ, өкінішке орай, жел соқпайды, олар ұша алмады. Сонда Аяз ата Желден көмек сұрады: Дид ойын: «Қарлы боран» Қардың күміс түйіршіктерін дөңгелекке жинау. Бірақ жел орманды безендірумен айналысқан Аяз атаны естімеді. Аяз ата мұңайып, тіпті аздап ренжіп, қалай болу керектігін, не істеу керектігін ойлап табады.. Аяз ата балалардан шыришаларды безендіру үшін қар бұршіктерін жасауға көмек сұрауға шешім қабылдайды. Ол барлық балаларға өзінің көмекшісі,</p>	<p>Қызығушылықты ояту Балалар терезеге барайық. Қараңдаршы, біз көшеде жылдың қай мезгілін көріп тұрмыз? (қыс) Қандай белгілер арқылы білдік? (Суық, жылы киінген адамдар, қарлы ағаштар, бұлтты аспан, қар жатыр) Қар қандай? (ақ, үлпілдек, жылтырақ) Қар қайда? (Жерде, орындықта, ағаштарда) «Міне, қыс - айнала ақ, қар көп» Ой дамыту АКТ технологиясымен жұмыс Балалар, қыста аспаннан көптеген әдемі, үлпілдек, жарқыраған, нәзік қар түйіршіктері жауады. Айтыңызшы, қыста тағы не ақ болады? (қар, қар үйінділері, шыныдағы өрнектер, қардағы ағаштар, қар бұршіктері) Балалар, мынау біздің үстелде не бар? (Қар). Келіңдер, оны қарайық. Қандай қар? (Аппақ). Жайлап ұстайық (Суық) Дид ойын: «Кішкентай зерттеушілер» Қане қарға зерттеу жүргізейік. №1 тәжірибе. Сендер қолдарыңды ашыңдар, мен сендерге қар жағамын. Педагог әр баланың алақанына аздап қар жағады, барлығы не болып</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Шанамен зырғып жсетін, Коньки, шаңғы тебетін, Аққала жасап ойнайтын. Қай мезгіл деп ойласыңдар балалар? (қыс) АКТ технологиясы. Слайд көрсету. Қыс мезгілі (сұрақ-жауап арқылы) -Қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? -Боран соққанда қимыл мен көрсетейікші. -Қатты аяз болып тоңғанда не істейміз? -Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? «Қыс» өлеңін Мнемо кесте арқылы мәнерлеп оқып мазмұнын ашу. Аппақ, аппақ жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман, қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Кең пейілді, мол мейірлі, Сағынышпен табысқан. О, алақай, Аяз ата, Келе жатыр алыстан! «Не артық» ойыны Қыс мезгілі туралы суреттері араластырып ілінеді. Қыс мезгілі туралы айту. Балалар басқа мезгілдің суреттерін тауып, оның қай мезгілге тән екенін айтады Сергіту сәті. «Қыс»</p>	<p>Дид ойын: «Қыс белгілерін ата» Шарты: Қыс мезгілінің ерекшелігін айту. Балалар, ал сендер білесіңдер ме, мұз неден пайда болады? Ой дамыту. АКТ технологиясы. -Мұздың түсі қандай? (Түссіз) -Мұз қай жерлерде кездеседі? (өзедерде, көлдерде) Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан) Тосын сәт. Мұз ханишайымы келеді. зерттеу орталығына шақырады. Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар» Мұзға тәжірибе жасау. 1- тәжірибе. Алдымызда тұрған мұзды ұстап көрейік. Мұздың түсі қандай? Мұзды ұстағанда алақанымызда не пайда болды? 2 – тәжірибе. Алдарындағы суға мұзды салыңдар? Мұз батпай бетінде қалықтап жүзіп жүр. Сондықтан мұз судан жеңіл. Дид ойын: «Суретшілер» Жүргізілу барысы: Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы май</p>
---	--	---	---	---	---

<p>5. Өзі судан жаралған, Бірақ судан қорқады. (мұз) 6. Су да, мұз бар, Жер де, қар бар. Боран басып соғады. Бұл қай кезде болады? (қыс) Екі топты мадақтау. Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</p> <p>3-тапсырма Сұрақтар ілмегі. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Воскобович әдісін қолдана отырып, қысқы ағаштарды құрастыру құрастыру. Ағашқа қиылған қар ұлпаларын жапсыру.</p> <p>2- топ Ақшақар тобына тапсырма: Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығын пайдаланып, қысқы ағаш келбетін салу. (сурет) Ағаш қасына ермексаздан аққала мүсіндеу. (мүсіндеу)</p> <p>4-тапсырма Қыс мезгілі туралы тақпақ Жауды, міне қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті оларды. Екі топты мадақтау. Қорытынды. Балалар, жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар! Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық.</p>	<p>сиқырлы күміс қар ұшқыны бар күміс сандықтарды жіберді, оған қар бүршіктерін жасау және олармен шыршаларын безендіру тапсырылады. Балалар аяз атаға көмектесеміз бе? Тосын сәт. Балалар, қараңдаршы, бүгін пошташы бізге Аяз атадан балабақшаға сиқырлы сандық әкелді. Сіз Аяз атаға көмектесуге дайынсыз ба? Қар түйіршіктері не екенін еске түсірейікші? Суық, ақ, кішкентай, жеңіл, шілтерлі, ойылған, таза, үлгілдек, әдемі, жылтыр, нәзік, күміс Қар түйіршіктері неден жасалған? -Ұсақ кристалдардан. Педагог қорапты ашады. Шығармашылық бұрыш. Дид ойын: «Қар ұшқындары» Шарты: Қар бүршіктерін құрастыру және бір-біріне жапсыру. Аяз атаның екінші тапсырмасы - шыршаны салу. Дид ойын: «Жасыл шыршалар» Шарты: Трафарет арқылы бастыру әдісімен шырша салу. Тыныс алу жаттығуы – шыршаға қар бүршіктерін үрлеу. Аяз атаның үшінші тапсырмасы – шырша</p>	<p>жатқанын бақылайды Қарды қалай сезіндіңдер? (Суық, мұздай) (балалардан жеке сұрау). - Қолымызды жылытайық, үрлейміз, мен сияқты. (педагог алақанға қалай үрлеу керектігін көрсетеді). - Жылу барып жатқанын сезесіңдер ма? Қолдарыңдағы қар қайда кетті? (Ол еріп кетті). Неліктен ол еріп кетті? Себебі үрлегенде жылу барды. -Қолыңды құрғат. (Үстел үстіндегі майлықтар). Қортынды: Жылыда қар еріп, суға айналды. Дид ойын: «Ормандағы қар басқан үй» Ақ қағаздан шыыршықтау арқылы үй құрастыру. Тәжірибе №2 Қай су лас Ақ, үлгілдек болып жауады, қар лас суға айналады. Неліктен? Жерде шаңдар көп, машина жүреді, түтін болады, адамдар басады, -Суды шелектен, дәке арқылы, кесеге құямыз. Дәкеде кір қалады. Қортынды: -Қарды жеуге болады деп ойлайсың ба? Неліктен? Бұл лас және суық, сіз ауырып қалуыңыз мүмкін Дұрыс! Ал лас қарда микробтар өте көп. Тамағыңызды және</p>	<p>Сыртта боран зулайды, Қарды үйіріп қуалап. Әлсін - әлсін тыңдайды, Терезеден сығалап Ой қозғау. Балаларды пішіндер бойынша топқа бөлу. Дид ойын: «Шебер қолдар» 1-топ. Дөңгелек. Аққала құрастыру 2-топ Үшбұрыш Шырша суретін салу. 3-Топ төртбұрыш Шыршаға ойыншықтарын мүсіндеу Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау Ой қозғау. Балалар, сендер білесіңдер ме, қыс мезгілі терезелерді қар ұшқынының әдемі өрнектерімен безендіреді? Бүгін біз сіздермен дизайнерлердің рөлінде боламыз - бұл өз қолдарымен әшекейлер жасайтын адам. Дид ойын: «Қар ұшқындары» Біз дайын қар ұшқындарын алып, топ бөлмелеріне жапсырамыз. Тобымызды әсемдейміз Дид ойын: «Қардың сықыры» Қардың сықырлағанын естігіңіз келе ме? Аудио дыбыс. Сендер не естідіңдер? (Сықырлаған дыбыс)</p>	<p>шаммен ақ қағазға сызықтар жүргізіп, үстін көк бояумен бояу. Мұз бейнесін шығару. Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт – сарт – сарт, Шапалақ соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ – топ – топ, Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тоңды киіп аламыз. Зу – зу – зу, Шапаменен зулаймыз. Дид ойын: «Жақсы жаман» (Венн диаграмасы арқылы) Ойын шарты: Мұздың пайдасы мен зиянын айтып суреттерін тақтаға ілу. Мұз айдын. Жылтыр мұздың үстінде Аяқ тайып тұрмайды. Керегі жоқ күштің де, Коньки өзі зырлайды. Ой қозғау. Өлеңде не туралы айтылған? Мұз айдында ойнау үшін нелер қолданамыз? Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу 1-Топ: Мұз айдынын құрастыру. 2-Топ: мұз айдынга</p>
--	--	---	--	---

	<p>Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады. Балаларға тәтті кәмпитерді беру. Мадақтау.</p>	<p>ойыншықтарын жасау. педагог жұмыс кезеңдерін айту, түсіндіру, қажет болған жағдайда көмектесу Жұмысты аяқтағаннан кейін балалар шыршаны ойыншықтармен безендіру. Балалар, сендер қандай тамаша балдарсыңдар. Аяз атаға көмектестіңдер, көп жұмыс істедіңдер. Маған сендердің қар ұшқындарың қатты ұнады, олар ешқашан ерімейді Аяз атаға сандықшаға салып жіберейік.</p>	<p>асқазаныңызды зақымдауы мүмкін. Ал бұл суды нелер іше алады? (Құстар, жануарлар). - Тағы нелер? (Ағаштар, гүлдер). Дид ойын: «Қар ұшқындары» - Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен. Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей ме? Үлкен қар ұшқынын көрсету «Бұл қандай қар ұшқыны? Кіші ме, үлкен бе?» Балалар: үлкен Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай! Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршік-терін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерін жапсырайық. Дид ойын: «Қар қиыршықтары» Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу. Үстінен ақ бояумен бояу. Қортынды Сұрақ –жауап Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).</p>	<p>Қар осылай сықырлайды. Ал неге? Қардың сықырлағанын естідің. Қар түйіршіктерінде өткір сәулелер бар, біз оларды басқан кезде олар үзіліп, сықырлаған дыбыс естіледі. Сыртта суық болған кезде қар сықырлайды. Сыртта өте суық болмаса, қар жабысқақ болады. Сол кезде балалар не істегенді ұнатады? (Ақшақар жасау, қар домалату ойнау). Тақпақ Жапалақтап ала қар Жауды күнде қайталап, Қырға шықты балалар, Шаңғыларын арқалап. Қортынды. Қазір қай мезгіл? -Көңіл күй қандай? бас бармағын көрсету.</p>	<p>коньки жапсыру 3-Топ: Шаңғы мүсіндеу. Қыс қызығы Шаңғы, шана сайла. Конькиңді байла. Думандатып ойна. Қыс қызығын тойла. Қорытынды. Біз бүгін не жайлы айттық? Мұз қандай? жақсы қатысқан балаларды мадақтау</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека № 13 Торғайды бақылау.	Картотека № 14 Күнді бақылау.	Картотека № 15 Бұлтты бақылау.	Картотека № 16 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.	Картотека № 19 Мұздақты бақылау.
Қысқы серуен картотекасынан					

Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>
------------------------	--	--	---	---	---

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Соркөл орта мектебі/Шағын орталық

Топ: «Жұлдыздар» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.12 – 16.12.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №10 Дид ойын: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады.	Картотека № 12 Дид ойын: «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады.	Картотека № 16 Дид ойын: «Үйжануарлары» Ойынмақсаты: Үйжануарларынолардыңденемүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі.	Картотека № 17 Дид ойын: «Менің сүйікті ертегім» Мақсаты: ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады.	Картотека № 18 Дид ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.
коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.	Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.	Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп, Орнымызды табамыз.	Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз Біз бақытты баламыз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қызығушылықты ояту. Саяхатқа шыққыларың келе ме? -Мен сендерге сиқырлы кілемшемен саяхаттауды ұсынамын. Дид ойын: «Кілемше өрнегі» Шарты: Ермексаздан кілемшеге өрнек салу. Бәріміз бірге: 1,2,3- кілемше ұш	Қызығушылықты ояту. «Сурет көрмесі» әдісі Әр түрлі илюстрациялар қарау. Ой дамыту. Сұрақ – жауап Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Тудың түсі қандай? Достық деген не? Дамыту бұрышы. Балаларды топқа бөлу,	Дид ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты: Педагог көрсеткен суреттерге балалар жақсы істер мен жаман қылықтар туралы атап айтады. -Көмектесу, қамқор болу деген не? Адамдарға, құстарға, табиғатқа қамқор болу, көмектесу жақсы әдеттерге	Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Тұрбеков. Туған елім. Туған өлке – кең далам, Мәңгілік бақыт орнаған. Сайраңдаймыз саяңда Ерікті ұлан – біз балаң. III. Ой қозғау Ашық сұрақтар Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай	Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс. Астана қаласындағы көрікті жерлермен таныстыру. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ, бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда

	<p>1 аялдама: -Сонымен,біз кілемшемен туған өлкеміздің үстінен ұшып бара жатырмыз. Біздің Отанымыз қалай аталады? Отанымыз туралы әңгімелеу. Отанымыздың аумағы әртүрлі түспен боялған.Сары,жасыл, қоңыр,көк түс те бар. Бұл еліміздің табиғатының алуан түрлі екенін көрсетеді. Осы түстер нені білдіреді? -Балалар,біз қазір елді мекендер үсті-нен ұшып барамыз: кішкентай үйлер, киіз үйлер, жайлауда мал жайылып жүр, ешқандай көлік түрлері, түтіндеп жатқан фабрикалар мен зауыттар көрінбейді. Табиғаты әсем,ауасы таза, суы мөлдір. Бұл не екен?(Ауыл).</p> <p>Ой дамыту. Суретке сөйлем құрау. Ауыл туралы кім тақпақ біледі? Біздің ауыл тамаша! Көз тоймайды қараса... Ағып жатыр өзені, Шулап жатыр шағала</p> <p>2- аялдама -Бұл еліміздің ең басты қаламыз Астана. Астананың үстінен ұшып барамыз. -Астана қаласындағы ғимараттардың суреттерін көрсету, сөйлем құрау</p>	<p>Дид ойын: «Достық үйі» 1-топ Мейрімділік үйі. М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру. Үйдің жанына гүлдердің суретін салу. Сипаттама беру. Бұл Қазақстандағы ең әдемі үй. Ол біздің балабқшамыз. Біз онда көңілді, бақытты өмір сүреміз. Үйіміздің жанына гүлдер ектік.</p> <p>2 –топ. Ақылдылар үйі. Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру. Үйдің ауласына ағаштар жапсыру. Біз ақылды балалармыз Үйіміздің жанына достық ағаштарын ектік. Біз бір-бірімізді тыңдаймыз Біздер ренжисуді білмейміз Біз ештеңе қызғанбаймыз</p> <p>3–топ. Қамқоршылар үйі «Пазл» арқылы үй құрастыру. Үйдің жанына ермексаздан жол салу. Сипаттама. Біз қамқор балалармыз. Достарымызға көмектесуге дайынбыз. Мына жол арқылы бір-бірімізге барып тұрамыз. Достарымызға жақсылық жасаймыз.</p> <p>Сергіту сәті: Саусақтар шынышыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал,піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр.</p>	<p>жсатады.</p> <p>Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Слайд қарау. Отан туралы тақпақ жаттау. –Мағынасын түсіндіру. Отан деген Атамекен Отан деген-туған жер. Отан –ана, Отан-үлкен Қазақстан туған ел.</p> <p>Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір» Шарты: Ортақ ағашқа гүл, жүрек, күн т.б суреттер жапсыру. Балаларды мадақтау. Дид ойын: «Сипатта» Шарты: Туған жер туралы суретке әңгіме құрау. Туған жер туралы тақпақ Өтебай Тұрманжанов Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем! Сергіту жаттығуы: Бәйтерекке ұқсайық, Қолды көкке созайық. Самұрық болып ұшайық, Ұямызға қонайық.</p> <p>Шығармашылық бұрыш. Геометриялық пішіндер арқылы топқа бөлу. 1-топ: Бәйтеректі құрастыру 2-топ: Ермексаздан жұмыртқа жасау. 3-топ: Көп қабатты үй</p>	<p>түсінеміз? Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Біздің Отанымыз не? ҚР рәміздерін ата ? Оларға сипаттама беру Астанамыз қалай аталады? Сендер қай обылыста тұрасыңдар? Ой дамыту. АҚТ технологиясы. Слайд қарау Отан туралы тақпақ жаттау. –Мағынасын түсіндіру. Отанды жас ,кәріміз де Туған жер деп сүйеміз Өйткені онда бәріміз де Туып өмір сүреміз.</p> <p>Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Бой сергітіп алайық.</p> <p>Дид ойын: «Бөлшектерді құрастыр» Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады. Дид ойын: «Менің ауылым» А3 форматқа ауыл суретін жапсыру, жапсырған суреттердегі ағаштарды, үйлерді бояу. Ағаштарға қар ұшқындарын ақ түспен ермексаз арқылы салу.</p> <p>Отан туралы мақал мәтел 1. Отан оттан да ыстық. 2. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.</p> <p>Қорытынды.</p>	<p>орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Тосын сәт. Осы кезде жетекшінің қалта телефонына хабарлама келеді. Жетекші ашып оқиды. Балалар қараңдаршы бізге асқа топтың балалары хабарлама жіберіпті: «Амансыңдарма? Астанаға жеттіңіздерме? Біз Бәйтеректі көргіміз келеді деген. Ендеше балалар біз Бәйтерек макетін құрастырып сыйлыққа апарайық Дид ойын: «Бәйтерек» Бәйтеректе қандай пішіндер бар? Төбесі неге ұқсайды? Балалардың суретті құрастыру жолдарын бақылау. Құрастыру жұмысын бағалау. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз Күнге қарай талпынып Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Орнымызды табамыз - Балалар сендер Астана туралы тақпақ білесіңдерме? Тақпақ: Астанам Ардақталды Астанам,</p>
--	--	--	--	---	--

